

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасы «6D020900 – Шығыстану» мамандығының докторанты Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми оппонент, саясаттану ғылымдарының кандидаты, Н.Ж.Шаймарданованың

СЫН ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

XXI ғасырда Қытай өзінің сыртқы тілдік саясатын жүзеге асыруына байланысты Қазақстанда қытай тілінің таралуының қарқын алып отырғаны қоғамдық құблыс. Олай болса, Қытайдың сыртқы тілдік саясатының көздеген түп мақсаты не? Оның Қазақстандағы қытай тілінің таралуына әсері қандай? Қытай тілі мен мәдениетінің еліміздегі ықпалы қандай деңгейде? Осындай сауалдарға ғылыми түрде жауап беру өте өзекті мәселе. Сондықтан осы мәселелерді зерттеуге арналған аталмыш тақырыптың маңыздылығына ешкім де шүбалана қоймас деп ойлаймыз. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін төмендегідей анықтап түсіндіруге болады.

Біріншіден, қазіргі таңда көптеген акторлар әлемді өзінің ықпалында ұстау үшін, өздерінің жағымды имиджын қалыптастыру саясатын қолданып отыр. Солардың бірі Қытай мемлекеті. Олар XXI ғасырдың басында «жұмсақ күш» стратегиясын қолданысқа енгізді. Қытай билігі ұлттық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, қытай тілі мен мәдениетін әлемге таратуды «жұмсақ күш» ықпалын арттырудың басты тәсілі ретінде қолдануын зерттеу өте өзекті.

Екіншіден, Қытай өзінің ұлттық тілі мен мәдениетін әлемге тарату саясаты, халықаралық аренада өздері жөнінде қалыптасқан «Қытай қауіпі» немесе «синофобия» көзқарасына қарсы қойып отырған стратегиясын зерттеумен де ізденушінің таңдап алған тақырыбы аса өзекті.

Үшіншіден, Қытайдың сыртқы тілік саясаты мен Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралуы және оның қоғамдық ықпалын жүйелі түрде зерттеуімен де бұл тақырып өзінің өзектілігін көрсетеді.

Төртіншіден, Қытайдың «жұмсақ күш» ықпалы оның экономикалық өсуі және әлемдік экономикаға ықпалының артуы аясында жүріп жатқанын талдап көрсеткен аталмышты тақырыпты аса маңызды деп санаймыз.

Бесіншіден, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралу үдерісін Қазақстанның ішкі қажеттілі мен Қытайдың сыртқы тілдік саясатына байланыстырып талдау жасаған, әсіресе 2013 жылы ҚХР төрағасы «бір белдеу – бір жол» мега жобасын қолданысқа енгізгеннен кейінгі қытай тілі мен мәдениетінің немесе «жұмсақ күш» ықпалының тереңдей түсуін Орталық Азия елдері мен Қазақстанды салыстырып талдау жасауы –

тықырыптың ғылымилығы мен практикалық маңызын арттырумен де аталмыш тақырып өте өзекті.

Осы негізде, «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деуге әбден негіз бар.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация жұмысы өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін орындау барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтижеде ҚХР-дың сыртқы тілдік саясат қабылдауының тарихи, халықаралық жағдайы, мақсаты және оны жүргізіу механизмі анықталған;

Екінші ғылыми нәтижеде Қытайдың сырт әлемге ұлттық тілі мен мәдениетін таратуды өзінің «жұмсақ күш» дипломатиясының құралы ретінде қолданып отырғаны және оның ықпалы сараланған;

Үшінші ғылыми нәтижеде Қытайдың шетелдерде Конфуций институттарын құру және оның қызметін кеңейту үдерісі мен беталысына талдау жасалған;

Төртінші ғылыми нәтижеде Қытай дүниежүзіне қолданған сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктері және олардың қытай тілі мен мәдениетін қабылдаудағы айырмашылықтары айқындалған;

Бесінші ғылыми нәтижеде қытай тілі мен мәдениетінің Орталық Азия мемлекеттеріне таралуында Конфуций институттарының атқарып отырған қызметі, аймақтағы қытай мәдениетінің ықпалдары кешенді зерттелген;

Алтыншы ғылыми нәтижеде қытай тілі мен мәдениетінің Қазақстанда таралуы мен ықпалы тарихи тұрғыдан сараланып, елдегі Қытай туралы әртүрлі көзқарастар және қоғамдық көңіл-күйге талдау жасалған;

Жетінші ғылыми нәтижеде Қытайдың сыртқы тілік саясатын, «жұмсақ күш» ресурстарын батыстық жаһандану үдерісіне қарсы қою, әлемдік көшбасшы болу үшін қолданып отырғаны дәйектелген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің жаңашылдық, өзіндік және нақтылық дәрежесі, қорытындыларының негізделуі.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен ережелері ғылыми тұрғыдан негізделген және еш күмән туғызбайды. Оларды нақтылап айтар болсақ:

Бірінші ғылыми нәтиже анық және айқын дәлелденген деуге негіз бар. Өйткені диссертант оны, біріншіден, әлемдік саясаттың кеңістік-уақыттық айналымын ұлттық, аймақтық саясаттың өзгеру заңдылығымен, екіншіден, саясаттағы «әлемдік өзара тәуелділік» принципіне сүйене отырып дәлелдейді. Осыдан Қытайдың жүргізіп отырған сыртқы тілдік саясаты да халықаралық қатынас пен байланыс айналымынан тыс қалмаған дейтін

теориялық-әдіснамалық тұжырым жасалады. ҚХР үкіметінің «үшке өкілеттік ету», «гармониалды қоғам», «гармониалды әлем», «куатты мәдени мемлекет», «Қытай арманы», «бір белдеу – бір жол» сияқты тұжырымдар мен бағдарламалар негізінде өзінің сыртқы тілдік саясатын жүргізіп отырғаны дәлелденген.

Екінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Диссертант мұнда ҚХР-дың «жұмсақ күш» саясатының өзіндік ерекшелігін анықтай отырып, алдыңғы орынға өзінің мәдениетін, оның ішінде бірінші кезекте ұлттық тіліне басымдық беріп отырғанын дәйектейді. Яғни, Джозеф Найдың ұсынған «жұмсақ күш» теориясын өздерінің құндылық көзқарастарымен ұштастырып, өз ыңғайларына бейімдегені анықталған. Бұл нәтиже «жұмсақ күш» теориясын зерттеген қытайлық Ван Хунин, Лю Цзайши, Лю Гофу, Юй Синьтянь сияқты ғалымдардың еңбектерімен пайымдалған.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген. Ізденуші тілдік саясат пен тілдік жоспарлау қай кезде болмасын ішкі және сыртқы саясаттағы бірқатар мәселелерді шешуде тиімді құрал болғанын және бүгінгі жаһандану жағдайында оның маңызы еселене түскенін дәйектейді. Тіл мәдениеттің өзіндік тасымалдаушысы бола отырып, белгілі бір ықпал ете алатын кеңістігі болған жағдайда, мемлекеттің ұлттық мүддесін ілгерілету үшін, зорлық-зомбылықсыз әдістерге негізделген «жұмсақ күш» саясатын тиімді іске асыруға көмектесетіні анықталған. Британдық Кеңес, Альянс Франсез, Сервантес, Гете институттары сияқты тәжірибеге сүйене отырып Қытайдың шетелдерде Конфуций институттарын құруы дәлелденген.

Төртінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Автор Қытайдың сыртқы саясатының ұзақ мерзімдік мақсаты әлемге жетекші мемлекет болу. Сондықтан Қытайдың сыртқы саясатында ұлы елдер дипломатиясы (da guo wai jiao) мен көрші мемлекетер қатынасына көбірек басымдылық берілгенін анықтаған. Сондай-ақ әлемнің әртүрлі аймағындағы мемлекеттердің қытай тілі мен мәдениетін қабылдау позициясы да әрбасқа екенін дәйектеген. Қытайдың өз ұлтық тілі мен мәдениетін әлемнің ең дамымаған аймақтарына барынша тарауға күш салып отырғаны және оның салдарын анықтаған.

Бесінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып есептеледі. Зерттеуші аймақтық және отандық зерттеушілердің еңбектері мен БАҚ және интернет материалдарына сүйене отырып Қытайдың Орталық Азия аймағына ерекше мән беріп отырғаны анықталған. Орталық Азияға қытай «жұмсақ күшінің» ықпалы алдымен тіл және мәдениетін таратудан басталып, қытайлық құндылық көзқарастарын сіңіруге қарай бет алып бара жатқаны дәйектелген.

Алтыншы ғылыми нәтиже нақты және негізделген. Диссертант алынған ғылыми нәтижені негіздеу барысында Қытай үкіметінің Қазақстанда өзінің ұлттық тілін таратуды «жұмсақ күш» саясатының аясында аса дипломатиялық шеберлікпен, зор қаржы және техникалық ресурстары арқылы жүзеге асырып отырғаны нақтыланған.

Жетінші ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып есептеледі. Ізденуші бұл нәтижені негіздеу барысында Қытай үкіметінің өзінің осы саясатын біртіндеп жүргізу арқылы, шет елдерде Қытайдың жағымды образын қалыптастыру, қытайлық құндылықтарды сіңіру, тіпті Қытайдың компартиялық мәдениеті мен жетекшілік орнын қабылдатуды көздеп отырғандығы анықталған.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже - жаңа болып есептеледі, ҚХР-дың сыртқы тілдік саясат қабылдауының себептері мен салдары, халықаралық жағдайы, мақсаты және оны жүргізу құралдыры мен механизмдерінің қалыптасуы кешенді түрде зерттелмеген.

Екінші нәтиже жаңа болып саналады, ұлы державалар халықаралық аренада өздерінің жағымды бет-бейнесін қалыптастыру үшін, экономикалық ықпалымен қатар, «жұмсақ күш» әлеуетін артырыу дипломатиясын қолданып отырғанын анықтап, Қытайдың «қуатты мәдени мемлекет», «гармониалды әлем» құру саясатының сырын ашып көрсеткен.

Үшінші нәтиже жаңа болып саналады, қазіргі әлемде әртүрлі «жұмсақ күштер» арасындағы күресте басымдылық орын иелену үшін, Қытай билігі тілі мен мәдениетін әлемге тарататын Конфуций институттарын құру және оның даму үдерісі мен ықпалы айқындалған.

Төртінші нәтижені жаңа деуге болады. Өйткені қытай тіл мен мәдениетін әлем елдерінің қабылдауындағы аймақтық айырмашылықтарды алғаш рет анықталған. Сондай-ақ кейбір заңдылықтарын анықтап көрсеткен, мысалы, қаншалықты кедей мешеу дамыған елдер Қытай тілі мен мәдениет қабылдауға пейілді келетіне нақты деректермен дәлелденген.

Бесінші нәтиже жаңа болып есептеледі, Орталық Азиядағы мемлекеттерде қытай тілі мен мәдениетінің таралу үдерісін Конфуций институттарының құрылуымен байланыстырып талдау жасауы өте сәтті шыққан деп айтуға тұрады.

Алтыншы нәтиже ішінара жаңа болып саналады. Қытай тілінің Қазақстанда оқытылуы тарихи кезеңдер бойынша қарастырылып, Қытай тілі мен мәдениетінің елімізде қарқынды таралуының және ықпалының тереңдей түсуінің ішкі және сыртқы себептерін айқындалған.

Жетінші нәтиже жаңа болып есептеледі, Қытайдың сыртқы тілдік саясат қолдануының сыр-сипаты анықталған. Қытай өзінің жұмсақ күш ресурстары арқылы әлемге «қытай қаупі» жоқ екендігіне сендіріп, әлемдік көшбасшы болуды көздейтіні түрлі деректермен нақтыланған.

Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық тақырыпты зерттеу барысында алынған әрбір нәтижелердің отандық ғылымдағы ғылыми теориялық және практикалық қолданыс маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары, отандық қытайтану ғылымын дамуға, Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарының қыр-сырын тануға көмегі зор.

Диссертациялық жұмысты жоғары оқу орындарында шыңыстану, оның ішінде қытайтну мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттерге, магистранттар мен докторанттарға оқу құралы ретінде пайдалануа жарамды. Сондай-ақ сыртқы саясат саласында мемлекеттік қызметкерлердің қолдануына жарамды еңбек болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан - Қытай қатынастары, Қытай мен Орталық Азия елдері қатынастары, тіпті Қытай мен әлем елдері қатынастарын зерттеуге септігін тигізетін құнды еңбек деуге тұрады .

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 12 ғылыми мақалада жарияланды. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 7 мақала жарияланды. Жұмыс тиісті сыннан толық әрі сәтті өткен.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыс құрылымы талаптарға сәйкес жүйелі құрылған. Әрбір тараулар мен тараушаларында жарасымды пропорция, ішкі логика жақсы сақталған. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан талапқа сай жазылған. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қорытындылары нанымды түйінделген.

Дегенмен, диссертация жұмысында кейбір олқылықтардың орын алғаны байқалады:

1. Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын қолдану әдістерін жан-жақты аша түскенде, жұмыстың ғылыми сапасы биіктей түсер еді деп ойлаймын.

2. Қытайдың партиялық саяси мәдениетінің ықпалын тереңірек сипатағанда жұмыстың танымдық құндылығы жоғарылай түсер еді деп санаймын.

3. Жұмыста кейбір стилдік олқылықтар бар екенін де айтқым келеді.

Алайда аталған кемшіліктер мен олқылықтар Е.Ә.Керімбаевтың диссертациялық жұмысының сапасына нұқсан келтірмейді, жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді, тұжырымдарын теріске шығармайды. Жалпы, жұмыс диссертацияларға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға толық жауап береді. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мазмұны мен қортындысы замана талабына толық сәйкес келетін, дербес орындалған диссертация жұмыс болып табылады.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі жоғары дәрежеде жазылған, толық аяқталған жұмыс болып

табылады. Автор зерттеу жүргізу барысында көп іс атқарғаны көрініп байқалады.

Диссертациялық зерттеу жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы Керімбаев Ержан Әбдірайымұлының «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,
саясаттану ғылымдарының кандидаты,
Р.Б.Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының
жетекші ғылыми қызметкері

15.01.2021ж.



Шаймарданова Н. Ж.

